




## 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтарын негізге ала отырып тәрбие жұмысының жылдық жоспар құрылып, бекітілді.

	«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері»
	«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»
	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық актісі.

Тәрбие жүйесінің құрылымы:

- Психологиялық –педагогикалық қызмет;
- Ата-аналармен жұмыс;
- Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы;
- Мектептен тыс мекемелермен байланыс жұмыстары;
- «Адал ұрпақ» еріктілер клубы;
- «Жас Ұлан» ұйымы

Тәрбие жұмысының тиімділігі қойылған мақсат, міндеттердің және қол жеткізген нәтиженің арақатынасын салыстыру өлшемі арқылы анықталады. Тәрбие - мақсатты процесс. Тәрбие мақсаты айқын әрі нақты өмір жағдайына сай белгіленсе ғана өз нәтижесін дұрыс береді.

**Мақсаты:** Білім мазмұнын жаңарту жағдайында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.
2. Тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, азамат және патриотты қалыптастыруға көмектесу, олардың бойында балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұру дайындығын, құқықтық санасын, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысына, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруға, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруге ықпал ету.
5. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
6. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, табиғат сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеуіне; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін жоғары деңгейде дамытуына жағдай жасау.
7. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиетін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістігін, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын, дене дамуы мен психологиялық денсаулығын сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Нысаны:** білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің біртұтас педагогикалық процесі.

**Іске асыру механизмдері:** «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі, Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

**Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

Бұл мақсаттар мен міндеттер жалпы мектептік жұмыстардың жылдық нәтижесінде жүзеге асырылды. Дәстүрлі мерекелерде әрбір сынып ұжымына өздерінің шығармашылығын танытуға, іс-шараға қатысудың түрін, мазмұнын таңдау мүмкіндіктері беріледі. Осыған орай, мектепте қалыптасқан дәстүрлі шаралар:

- «Денсаулық фестивалі» фестивалі;
- «Қарттарды аялайық» акциясы;
- «Біз салауатты өмірді таңдаймыз!»
- «Мәңгілік Ел ұландары» байқауы
- «Жасөспірім және заң» апталық;
- «Жаса, жайна Тәуелсіз Қазақстан»;
- « Алғыс айту күні»
- «Армысың, әз Наурыз!»
- «Достық шұғыласы» фестивалі;
- “Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс” патриоттық айлығы

### Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар

Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары негізгі сегіз бағыт бойынша жасақталып, бекітілген, сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіледі.



**«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер»  
бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру бойынша  
өткізілген іс-шаралар**

№	Іс-шара мазмұны	Өткізілген орны	Мерзімі	Қысқаша сипаты	Қамтылған
1.	«Қазақтың ұлттық ойындары – салт-дәстүр мен мәдениетіміздің ажырамас бөлігі»	Мектеп спорт залы, Жатақхана, ұлттық спорттық ойындар бөлмесі	20.11.17ж	Өскелең ұрпақтың қазақ халқының ойындары мен салт-дәстүрлеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп оқушылары арасында асық ату, тоғызқұмалақ турнирі ұйымдастырылды.	78 оқушы
2.	«Рухани жаңғыру және білімді ұрпақ» танымдық сағат	Мектеп кітапханасы	15.11.17ж	Кітапханшы Жунусбекова А.Ж. «Рухани жаңғыру және білімді ұрпақ» тақырыбында өткізген танымдық сағатында Елбасымыздың бұл мақаласы болашағымызды бағдарлайтын маңызды саяси құжат екенін атап өтті.	20 оқушы
3.	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» сынып сағаттар	Оқу кабинеттері		«Отаным – тағдырым» бағытында 5-11 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.	274 оқушы
4.	«Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат» тақырыбында диалогтық алаң	«Қоғамдық келесім» сарайында ҚХАА жанындағы Аналар кеңесі	10.11.17ж	«Сырғалым» қыздар клубының мүшелері «Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат» тақырыбында диалогтық алаң жұмысына қатысты. Шара барысында Аналар кеңесінің төрайымы Зере Еспайқызы Қиықова «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу және жүзеге асыруға біздің парызымыз» деп айтты	5 оқушы
5.	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ауызша ақпарат	«Көкшетау қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі» КМ М	16.11.17ж	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында ауызша ақпарат берілді.	17 оқушы
6.	«Туған өлкем қандай көркем!» тақырыбында сурет байқауы		28.11.17ж	Оқушылардың шығармашылығы арқылы, табиғатқа жанашырлық, туған жеріне деген сезімдерін қалыптастыру	47 оқушы

				көзделді.	
7.	«Менің жетістігім – елімнің жетістігі»	Көрермен залы	27.11.17ж	«Саналы азамат» жобасын іске асыру және оқушылардың бастамаларын дамыту және насихаттау мақсатында облыстық ғылыми жобалар байқауларының жеңімпаздары өз жұмыстарын мектеп оқушылары алдында көрсетіп, марапатталды.	154 оқушы
8.	«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» талқылау, дөңгелек үстел	№307 каб.	24.11.17ж	Дөңгелек үстелге қатысушылар Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы бойынша көзқарастарын білдіріп, өз ойларын ортаға салды.	
9.	« Көкшетау мәдени мұрасы» облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат	Көкшетау қаласының Ақмола облысы тарихи-өлкетану мұражайы	9.11.17ж	”Өлкетану” жобасын іске асыру мақсатында “Көкшетау қаласының Ақмола облысы тарихи-өлкетану мұражайына” оқушылар саяхат жасады. Оқушылар мұражайдың әр экспонатының тарихына үңіліп, өлкеге еңбегі сіңген бабалардың өмір-дерегімен танысып қайтты.	36 оқушы
10.	«Рухани жаңғыру - туған жер тұтастығы мен ел болашағының негізі» интерактивті сабақтар, сынып сағаттар	Оқу кабинеттері	27.11.17ж	Рухани жаңғыру құндылықтарын дамыту, әрбір қазақстандықтың тұлғалық дамуы үшін үшінші жаңғыру мүмкіндіктерін талқылау мақсатында Тұңғыш Президент күніне арналған рухани жаңғырудың негізгі бағыттарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.	276 оқушы
11.	Тұңғыш Президент күніне арналған «Елбасы- ел мақтанышы» атты салтанатты жиын	Көрермен залы	30.11.17ж	Салтанатты жиында Елбасының егемен елді қалыптастыру жолындағы ерен еңбегін айшықтайтын арнайы бейне материалдар көрсетіліп, мерекелік ән-шашуға ұласты.	156 оқушы
12.	«Рухани жаңғыру– Қазақстанның үшінші жаңғыру кезеңі». Пікір-сайыс турнирі	Көрермен залы	10.01.18ж	Отан неден басталады? тақырыбында оқушылар өз ойларын ортаға салды.	64 оқушы
13.	«Мен Қазақстанның азаматымын және		07.02.18ж	Ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе	16 оқушы

	патриотымын», «Мен Қазақстандықпын» эссе байқауы			жатқан бабалар аманатын, еліміздің үмітін ақтайтын Қазақстан азаматы болуға тәрбиелеу.	
14.	«Рухани келісім – халық бірлігіне бастар жол» тәрбие сағаты	Оқу кабинеттері	26.02.18ж	Тарихы терең, шежіресі шерлі қазақ халқы қашаннан да бауыры кең, құшағы ашық ел болғаны туралы ақпарат берілді.	273 оқушы
15.	«Ауылым-алтын бесігім» бейнебаяндар сайысы.	Көрермен залы	09.04.18ж	Оқушылар өз ауыл өмірімен, ауыл тарихымен таныстырып туған жерге деген сүйіспеншілігін көрсете білді.	18 оқушы
16.	«Туған жерден түлеп шыққан перзенттер» сынып сағаттар	Оқу кабинеттері	18.04.18ж	«100 жаңа есім» жоба аясында еліміздің еңсе көтеріп, егемендік алуына елеулі үлес қосқан тұлғалар туралы ақпарат алынды.	271 оқушы
17.	«Бабалар өмірі - ұрпаққа сабақ»	М.Ғабдуллин музейі	04.05.18ж	Қазақ елінің тарихи мұраларын қастерлеу мақсатындағы кездесу.	24 оқушы

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді:

- «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы
- «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бірыңғай сағаты»
- «Қазақстан - құқықтық мемлекет» айлығы
- «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет байқауы
- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны
- «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар байқауы. Театрлық қойылым
- «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы
- «Транспарентті және есеп беретін мемлекет» бейнероликтер байқауы

### Оқушылардың шығармашылық, спорт жетістіктері

№	сайыс атауы	қатысушылар	нәтиже
1.	«Өнерім-рухани қазынам» VIII облыстық ұлттық жастар Дельфийлік ойындарында “Сәндік - қолданбалы өнер” номинациясы	Орынбаева Гүлмира	III орын
2.	Облыстық “Жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу” атты әлеуметтік жоба аясындағы «Адал ұрпақ» байқауы	«Адал ұрпақ» ерікті клуб мүшелері	Алғыс хат

3.	«Облыстық «Бала би» шешендік өнер байқауы	Исжанов Арсен Үсен Серікбай	II орын
4.	Облыстық «Менің бастамам – менің Отаныма» атты шығармашылық жобалар конкурсы. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» номинациясы бойынша	Алпыспаева Камила	III орын
5.	Облыстық «Бояулар құпиясы» байқауы	Темиргалиева Адина	Грамота
6.	Облыстық «Менің бастамам – менің Отаныма» атты шығармашылық жобалар конкурсы	Бахрам Аружан, Хайрат Айзада, Сабыр Нұрислам, Сабыр Ерасыл, Муталлапова Томирис, Жанабеков Аян, Атымтай Аружан, Бекешова Айым	Грамота
7.	«Балаға мейірімді Қазақстан» атты республикалық балалар форум-фестивалі	Карабаев Адильхан Бекешова Айым Сейілбек Мадияр	Алғыс хат
8.	Облыстық «Үздік Ұланбасы-2018» байқауы	Бекешова Айым	Алғыс хат
9.	Облыстық «Өнерлі өрендер» байқауы	Ақылтас Айым Дүйсен Аңсар	Алғыс хат
10.	Қазақ күресінен Кеңес үкіметінің және Солтүстік Қазақстан облысының тұңғыш спорт шебері Б.Н. Құлжановтың жұлдесі үшін жасөспірімдер арасында өткізілген ашық турнирі	Сабыр Нұрислам	I орын
11.	Үстел теннисі бойынша қалалық мектепаралық жарысы	«Дарын» командасы	I орын
12.	Дойбы бойынша қалалық мектепаралық жарысы	«Дарын» командасы	I орын
13.	Қазақ күресінен «Көкшетау Барысы» турнирінде	«Дарын» командасы	I орын
14.	Облыстық «пауэрлифтинг» чемпионатында	Дюсембаева Айдана Еркінұлы Арлан	I орын
15.	Облыстық «Бес асық» турнирінде	Габдуллина Аяулым Ташенова Мадина	I орын II орын
16.	Кеңес Одағы Батыры, академик, жазушы Мәлік Ғабдуллин жұлдесі үшін жасөспірімдер арасында өткізілген «Көкшетау жас Қабыланы» турнирінде	Кайыр Шамиль Сейілбек Мадияр	III, II орын

Бүгінгі күні мектептің тәрбие беру жүйесі қалыптасып, оқушылармен жүргізілген жұмыстар нәтижесінде тәрбиеленушілерінің тәрбиелік деңгейінің тұрақты түрде жоғарлау тенденциясы орын алып отыр. Себебі, Тәрбие үрдісінде жұмыстың нәтижелі болуы мектептегі психологиялық қызметтің сапасына тығыз байланысты. Жоғары деңгейде сауатты ұйымдастырылған психологиялық қызмет, яғни оқу – тәрбие үрдісімен біте қайнасқан психологиялық қызмет – білім беру үрдісін жаңа сатыға көтеретін қозғаушы күш болып табылды. Сондықтанда мектептегі психологиялық қызметтің бағдарламасында педагогикалық ұжымды, оқушылар ұжымын диагностикалау, оның нәтижелерін талдап, күнделікті жұмыста пайдалану туындаған психологиялық проблемаларды шешу және алдын алу, оқушыларға, мұғалімдерге, ата- аналарға психологиялық кеңестер беру т.б. жұмыс түрлері қамтылды.